

Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Сотының Төрағасы
Жақып Қажыманұлы Асановқа

Астана қалалық сотының төрағасы
Тілектес Ешейұлы Бәрпібаевқа

Астана қаласы, Сығанақ көшесі 29,
«Евроцентр» б/о, 241 кеңсесінде
орналасқан
«International Law Company»
халықаралық құқықтық компаниясының
директоры К.С.Еспенбетовадан

АЛҒЫС ХАТ

Қазір Қазақстандық азаматтардың әрбір екеудің бірінің мойнында несие бар десек, асыра айтқанымыз емес.

Осы кезге дейін екінші деңгейлі банктер жеке тұлғаларға қатысты банктік заемдар шарттарында, мейлі ол экспресс немесе тұтынушылық ақшалай кредит болсын, айналып қарыздық есепті жүргізгені үшін комиссия алу тәжірибесін енгізіп, қарыз алушыларды қып-қызыл қарызға әкеліп батырды.

Сонымен, 2012 жылдың 9-шы ақпанында Ұлттық банк еліміздің банк секторындағы барлық ойыншыларына есепті жүргізгені үшін комиссия алу тәжірибесін тоқтатып, барлық қарыз алушыларға заңсыз ұсталған комиссияларын қайтарып беру бойынша шаралар қабылдауға ресми хатпен шыққан. Бірақ, екінші деңгейлі банктер тәжірибені жалғастыра берді, соңғы нүктені Еліміздің сот билігі қойып, халықтың қаражаты банктерден қайтарылуда.

Қазіргі таңда, азаматтар банктік шарт бойынша банктік заем шартын ішінара жарамсыз деп тану және заңсыз ұсталған қаражатты банктерден өндіру туралы өтініштерімен біздің компанияға көп жүгінуде.

Азаматтар біздің компанияға жүгіну барысында банктен қаражатты тез қайтаруды, төлейтін несие сомасын тезірек азайтуды сұрайды. Оларды түсінуге болады - әбден несие төлеп, шаршаған халық.

Осыған байланысты, біз талап арызды жедел жазып, тиісті құжаттарды тіркеп сотқа жүгінудеміз.

Ерекше атап өтетін жайт, ол Есіл аудандық сотының төрағасы Руслан Бақытжанұлы Мәжітов, судья Айгүл Дүйсенбекқызы Аяпбергенованың өндірісіне түскен азаматтық істер жан-жақты қаралып, созбалаушылыққа ұшырамайды.

Біздің сенім білдірушілердің және біздің компанияның атынан осы судьялардың кәсіпқойлығы және сот істерін қарау барысында заң нормаларын нақты сақтайтындығы үшін үлкен алғысымызды білдіреміз.

Сонымен қатар, судья А.Д.Аяпбергенова талап қоюшы А.Калиеваның жауапкер «Еуразиялық банк» АҚ-на қатысты азаматтық ісі бойынша жақтарға медиация тәртібінің пайдасын жан-жақты түсіндіріп, медиативтік келісімге келтірді. Бізге сенім білдіруші - азаматша А.Калиева жауапкерден аз уақыт ішінде қаражатты қайтарып алатындығына дән риза.

Судьялар Р.Б.Мәжітов пен А.Д.Аяпбергенова біз қатысқан әр сот отырысын азаматтық процестік кодекстің талапатырына сай жоғары деңгейде өткізеді, құқықтарымызды толық түсіндіріп, істің құжаттарын жан-жақты зерделеп, әділ шешім шығарады.

Үлкен мәдениет пен парасат иелері – Қазақстан Республикасының судьялары қай уақытта да өз қызметінде Ата Заңымызбен қатар, Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы барлық заңнамалық актілерді, жалпыға бірдей адамгершілік нормаларды және мінез-құлық ережелерін басшылыққа ала отырып, әділ сот төрелігін жүзеге асыратындықтарына сенеміз.

**Құрметпен,
«International Law Company»
компаниясының директоры
К.С.Еспенбетова**